



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№19 (1932) 27 МАМЫР 2024 ЖЫЛ

Ректор Мемлекет басшысының дәрісін тыңдады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сингапурдағы «Қазақстан және орта державалардың рөлі: қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды ілгерілету» тақырыбындағы дәрісіне қатысты. Мемлекеттік сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев 46-шы Сингапур дәрісін оқыды.

Мемлекеттің тамаша табыс жолынан жаңылмай келе жатқанын өз көзіммен көру үшін Сингапурға тағы да келгеніме қуаныштымын. Елдің негізін қалаушы Ли Куан Юдің көреген көшбасшылығымен жүргізілген Сингапурдағы әйгілі экономикалық өзгерістер шын мәнінде мемлекеттің іргесін нығайтудың және экономикалық өсімге қол жеткізудің жарқын үлгісіне айналды.

Президент жаһандық қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз ету ісіндегі орта державалардың атқаратын рөлі туралы ой-пікірімен бөлісті.

Президент жаһандық қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз ету ісіндегі орта державалардың атқаратын рөлі туралы ой-пікірімен бөлісті.

Қасым-Жомарт Тоқаев

Осынау асқақ рухты

Жалғасы 2-бетте

Жалғасы 2-бетте

Президент Қазақстан – Сингапур ректорлары форумына қатысты



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан – Сингапур ректорларының «Ғылым мен жоғары білім саласындағы әріптестіктің жаңа шыңы» атты форумына қатысты.

университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, сондай-ақ Қазақстан мен Сингапурдың 150-ден астам жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарының өкілдері қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев форум қатысушыларына ілтипат білдіре отырып, білім мен ғылымды дамыту еліміздегі мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы саналатынын атап өтті.

«Бүгінгі форумның екі ел ынтымақтастығы үшін маңызы зор. Бұл шара Қазақстан мен Сингапурдың білім және ғылыми-зерттеу салаларындағы ынтымақтастығын

бұдан да жоғары деңгейге шығаруды көздейді. Кеше Сингапурдың Президентімен және премьер-министрімен ғылым, білім, халықаралық байланыстар сияқты екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері бойынша өте мазмұнды келіссөздер жүргіздім. Қазақстанның барынша ашық, тұрақты нарықтық экономикаға көшуі қарқынды және орнықты білім беру стандарттары мен цифрлық трансформацияны қажет етеді», – деді Мемлекет басшысы.

Іс-шараға ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Сингапурдың Білім министрі Мұхаммед Малики Осман, Сингапур ұлттық университетінің президенті, профессор Тан Энг Чие, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Әзірбайжанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымы Түркі университеттері одағының VII бас ассамблея отырысына қатысты.

Шараның мақсаты – түркітәлді мемлекеттердегі жоғары білім және ғылым саласы бойынша түйткілді мәселелер-

Түркі университеттері одағы отырысы

ді ортақтасып шешу және ынтымақтастықты арттыру, кадрларды даярлауда бірлесіп жұмыс істеу, сондай-ақ ғылыми бағытта серіктестікті күшейту.

VII ассамблея отырысын Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетінің ректоры, профессор Адалат Мурадов құттықтау сөзбен ашып, Түркі мемлекеттері ұйы-

мының бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев баяндама жасады. Сонымен қатар отырыста Халықаралық түркі академиясының президенті Шахин Мұстафаев, ЖОО басшылары сөз сөйлеп, аталған бастамалар бойынша университетте атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



2-бет

Ұлттық құрылтай бастамалары талқыланды



3-бет

Сингапурда студенттермен кездесті



5-бет

Майталман майдангер



Президент Қазақстан – Сингапур ректорлары форумына қатысты



Соңы. Басы 1-бетте

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда шетелдік жетекші университеттердің филиалдарын ашу, халықаралық институттармен бірлесіп ұдайы зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін елімізге дәйекті тәсіл қажет екенін айтты.

«Соңғы бірнеше жылда біз беделді 19 университетпен стратегиялық альянс құрдық. АҚШ, Ұлыбритания, Ресей және Германия университет-

тері елімізде өз филиалдарын ашты. Сондай-ақ Қытай, Түркия, Италия және басқа да мемлекеттердің университеттері Қазақстанға қызығушылық танытып отыр», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеше Қазақстан мен Сингапурдың тиісті ведомстволары арасында жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғанын айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстанның «Болашақ» бағдарла-

масы арқылы Сингапурға зерттеушілер мен ғалымдарды жіберуге ниетті екенін айтты. Оның айтуынша, аталған бағдарлама жүзеге асырыла бастағаннан бері 12 мыңнан астам қазақстандық студент әлемнің үздік университеттерінде білім алу мүмкіндігіне ие болды. Оның ішінде 72 отандасымыз Сингапурда оқыған.

«Жыл сайын біз зерттеу жұмыстарын жүргізуге 500 стипендия бөлеміз. Сингапурға келетін қазақстандық ғалымдар санының көбейе түскенін қалаймыз. Білім мен ғылым – прогресс пен инновацияның негізі. Осы салаларға көңіл бөле отырып, біз еліміздің болашағына инвестиция саламыз. Сингапурмен арадағы серіктестік халықаралық ынтымақтастықтың дамуға және халықтарымыз үшін мүмкіндіктерге жол ашуға ықпал ететінін көрсетеді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар форумда Сингапурдың білім министрі Мұхаммед Малики Осман және Сингапур ұлттық университетінің президенті, профессор Тан Энг Чие сөз сөйледі.

Ректор Мемлекет басшысының дәрісін тыңдады



Соңы. Басы 1-бетте

Сіздердің еліңіз Қазақстанда даму мен өркендеу бағытында өзіндік жол таңдауға жігерлендіреді. Расында, Сингапурда өткізген жылдарымда табандылық пен жаңашылдықты үйрендім. Бұл қасиеттер қазіргідей құбылмалы әлемде Қазақстанның келешегі туралы пайымымының қалыптасуына әсер етті», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда инвестициялық

саясат және экономиканы өртартапандыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде айтты.

Мемлекет басшысы дәрісін қорытындылай келе, өзара сыйластық пен ортақ мақсаттарға негізделген әріптестік қатынастарды нығайтуға және баршаға ортақ бейбіт өрі жарқын болашақ құру жолында күш біріктіруге шақырды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Ұлттық құрылтай бастамалары талқыланды



Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттерімен кездесті.

Президент құрылтайдағы сөзінде: «Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш таған – озық өрі табысты елге айналудың басты кілті», – деп атап өткен болатын.

Мәлік Отарбаев кездесуде студенттермен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда көтерген бастамалары мен ұсыныстары туралы әңгімелесті. Өз сөзінде Президент кеңесшісі құрылтайда айтылған мәселелерді жүзеге асыруда жастардың қосар үлесі зор екенін және осы бағытта қоғам болып ұйысып, бірлесіп жұмыс атқару қажет екенін айтты.

Кездесу барысында Мәлік Отарбаев жастарға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмектер туралы ақпарат берді. Сондай-ақ өз сөзінде Мәлік Нұржанұлы жастарға қолдау білдіру Президенттің басты назарында екенін жеткізді.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Сингапурға жұмыс сапары аясында QS World University Rankings кеңсесіне барды. Университет басшысы QS Quacquarelli Symonds стратегиялық серіктестік және өзара іс-қимыл жөніндегі бас директоры Моника Хорнунг Каттанмен кездесу өткізді.

Жүздесуге Ресей, Шығыс Еуропа, Орталық Азия бойынша QS халықаралық рейтингтік агенттігінің аймақтық директоры Сергей Христолюбов, іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі менеджер Шон Перрейра, QS рейтингінің өкілдері мен сарапшылар қатысты.

Тараптар 2024 жылдың 1 қарашасында ҚазҰУ-да өтетін QS пре-саммитінің дайындығын талқылады.



Пре-саммитке дайындық сарапталды



Жансейіт Түймебаев өз сөзінде QS – әлемдегі университеттердің көрсеткіші мен нәтижесін көрсететін ең беделді халықаралық рейтингтердің

бірі екенін, сондықтан ҚазҰУ іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастыруға және өткізуге толық көмек көрсететінін атап өтті.

Өз кезегінде QS Quacquarelli Symonds стратегиялық серіктестік және өзара іс-қимыл жөніндегі бас директоры Моника Каттан Жансейіт Түймебаевқа және кездесуге қатысушыларға QS пре-саммитінің жұмыс жоспары мен бағдарламасын таныстырды. Сондай-ақ Моника Хорнунг ҚазҰУ ректорына халықаралық іс-шараға қызығушылық танытып, өткізуге зор қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Исламтануды жетілдіруге мән берілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстандағы исламтанулық зерттеулер: қалыптасуы мен даму перспективалары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Жиынға Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, республикамыздағы дінтанушы ғалымдар мен сарапшылар, университеттің оқытушы-профессорлық құрамы қатысты.

Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев өз сөзінде ҚазҰУ ұжымын 90 жылдық мерейтоймен құттықтап, көшбасшы университеттің еліміздің ғылымы мен білімін дамытудағы ерекше үлесін атап өтті.

«Бүгінгі дөңгелек үстел тақырыбы өте өзекті әрі маңызды. Өйткені ел тұрғындарының басым бөлігін ислам дінін ұстанушылар құрайды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев дін мәселесі мен рухани құндылықтарымызды сақтауға ерекше назар аударады. Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы: «Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық



діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек. Еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көпшілігінің, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет», – деп нақтылап атап көрсеткен болатын.

Мәлік Отарбаев исламтандың маңызына тоқталып, «Қазір біздің елімізде дін саласының мамандары тапшы емес. Еліміздің бірнеше жоғары оқу орындары мамандар даярлайды. Сөйте тұра, әлі

күнге дейін өзіміздің дәстүрлі ханафилік ислам дінінің ғылыми әдіснамалық, теориялық, теологиялық негіздері жасалып бітті деу қиын. Дәстүрлі діннің тарихымен бірге бүгінгі діни ахуалды фундаменталды, академиялық тұрғыда зерттейтін, тарихи көне жазбалармен жұмыс істейтін, діни ахуалға лайықты баға беретін, қоғамдағы сын-қатердің алдын алатын ғылыми институт керек», – деген өзекті ойын ортаға салды.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Сингапурда студенттермен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Сингапурдағы қазақстандық жоғары білім беру және «Болашақ» бағдарламасына арналған көрмеге қатысты.

Қазақстан – Сингапур ректорларының «Ғылым мен жоғары білім саласындағы әріптестіктің жаңа шыңы» атты форумы аясында ұйымдастырылған көрмеге еліміздің жетекші университеттері жиналды.

Мақсат – қатысушыларға Қазақстан жоғары оқу орындары туралы ақпарат беру, «Болашақ» бағдарламасының мүмкіндіктерін түсіндіру, Қазақстан мен Сингапур ЖОО-лары арасындағы байланысты күшейту, бірлесіп ауқымды жобаларды жүзеге асыруға жол ашу.



ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев келушілерге оқу ордасының ғылыми әлеуетін таныстырып, ғалымдардың ғылыми жобалары туралы ақпарат берді. Ректор өз сөзінде ортақ жобаларды жүзеге асыруда Сингапур университеттері мен ҚазҰУ-дың бірлесіп жұмыс атқаруын ұсынды.

Сондай-ақ көрме барысында ЖОО ректоры Сингапурда

оқып жатқан студенттермен әңгімелесті. Жансейіт Қансейітұлы жастарды шетелдегі оқулары аяқталғаннан кейін Қазақстанға оралып, елді өркендету үшін қызмет етуге шақырды. Оқуды жалғастырғысы келетіндер үшін ҚазҰУ есігі әрқашан ашық екенін жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Әзірбайжан Республикасына жұмыс сапары аясында Хазар университетіне арнайы барды.

Сапар барысында ҚазҰУ басшысы жоғары оқу орнын аралап, ғылыми инфрақұрылымымен танысты. Сондай-ақ Хазар университетінің негізін қалаушы Гамлет Исаханлымен кездесу өткізді.

Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ мен Хазар университетінің тығыз байланыстары бүгінде екі

Хазар университетімен байланыс артады

жоғары оқу орны арасындағы ынтымақтастықтың тереңдей түсуіне негіз болғанын атап өтті.

«ҚазҰУ мен Хазар университеті арасында мәдени, білім және ғылым бағытында серіктестікті дамыту жұмыстарын жандандыру қажет деп санаймын. Сонымен қатар бакалавриат және докторантурада қосдипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру жұ-

мыстарын дамытсақ, екі университет үшін үлкен мүмкіндік пен жақсы бастама болары анық», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Өз кезегінде Гамлет Исаханлы ҚазҰУ ректорының Хазар университетіне сапарының мәні зор екенін атап өтіп, бүгінгі кездесу екі ЖОО-ның көпжақты қарым-қатынасын нығайтуға серпін беретініне назар аударды.



Бірлесіп жұмыс істеуге шақырды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Сингапур ұлттық университетінің президенті Тан Энг Чиенмен кездесті.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев университеттік ғылымды дамытуда және ғылыми жобаларды өндіріске шығаруда екі ЖОО-ны бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Өз сөзінде Жансейіт Қансейітұлы Тан Энг Чиен мырзаға Қазақстандағы көшбасшы жоғары оқу орны туралы ақпарат беріп, ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымымен таныстырды.

Шақырды

Кездесу барысында Тан Энг Чиен Сингапур ұлттық университеті ҚазҰУ-мен тығыз қарым-қатынас орнатуға мүдделі екенін жеткізді. Тан Энг Чиен сөзінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алушылар мен оқытушылар алмасу жұмыстарын жүзеге асыру және ҚазҰУ-дың жас ғалымдарын Сингапур ұлттық университетіне үш, алты және он екі айға тағылымдамадан өткізуге арнайы жіберуді ұсынды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Қытайда тағылымдамадан өтеді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушылары мен студенттері тағылымдамадан өту үшін Қытайдың Сиань Цзяотун университетіне барады.

Бұл туралы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың Сиань Цзяотун университетінің вице-президенті Хунг Джунмен кездесуі барысында келісілді.

Оқу ордасының 10 студенті мен 5 қызметкері жуырда Сиань Цзяотун университетіне аттанады. Бір апта көлемінде болатын сапар барысында ҚазҰУ-лықтар Қытайдағы алдыңғы қатардағы жоғары оқу орынының бірі Сиань Цзяотун университетін толық аралап,

ғылыми инфрақұрылымымен танысады. Сонымен қатар ғалым-профессорлармен кездесіп, тәжірибе алмасады.

Сондай-ақ Сиань Цзяотун университеті ҚазҰУ-дың 10 докторанты мен магистранттары үшін үш және алты айлық тағылымдамадан өту курстарын ұсынуда. Қытай ЖОО тарапынан білім алушы жастар үшін 1000 юань көлемінде арнайы стипендия тағайындалады.

Аталған жолдамалар арқылы баратын студенттер мен оқытушылардың жолақысы ҚазҰУ тарапынан төленсе, тұру ақысын Сиань Цзяотун университеті қамтамасыз етеді.

Света ӘБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ



Кездесу соңында тараптар алдағы уақытта жүзеге асырылатын жобалар мен бастама-

ларды талқылап, естелік сыйлықтармен алмасты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Генетика – ҒЫЛЫМНЫҢ БІРЕГЕЙІ

Қазіргі кезде генетика нені зерттейді? Қоғам үшін маңызды ғылыми салалардың ішінде табиғаттың құпияларын ашуға арналған генетика ғылымы ерекше орын алады. Адамзат әрқашан организмдердің өзгергіштігі, тұқымқуалаушылық пен жаңа өмірдің пайда болуына әкелетін үдерістер мәселелеріне қызығушылық танытады. Генетика – қазіргі биологияның барлық бағытқа енетін интеграциялық пәні.



мыстарын жүргізу еліміздің ғылыми-технологиялық ба-сымды бағытына жатады. Оның шешімдерінің бірі – жоғары білікті мамандарды даярлау және қайта даярлау, білім беру бағдарламаларын бейімдеу, бар бағдарламаларды жетілдіру, сонымен бірге талантты және дарынды жастарды генетиканы зерттеуге тарту.

Соңғы жылдары геномды редакциялау бойынша жұмыс генетиканың танымал саласына айналды. Ну-клеаза әрекетіне негізделген түрлі технологияларды (ZFNs, TALENs, CRISPR/Cas9) қолдану арқылы де-ненің белгілі бір қасиеттерін жақсарту үшін ДНҚ тізбегін мақсатты өзгерту (ферменттермен) «генетикалық қайшылар» деп аталады. Бүгінгі таңда болашағы бар тәсілдердің бірі – CRISPR/Cas9 технологиясы. Өйткені ол әрекетіне, іске асыруы өте қарапайым және жоғары дәлдікке ие (сайт ерекше-лігіне байланысты).

Генетика – болашағы бар және инвестициялық тұрғыдан тартымды ғылымның бірегейі. Forbes.ru сайтындағы жаһандық сарапшылардың пікірінше, 2027 жылға қарай тек мақсатты геномды өңдеуге арналған CRISPR-Cas9 технологиялар нарығына инвестиция көлемі 10 миллиард долларға жетеді және бұл осы бағытта жұмыс істейтіндер үшін жұмыс орындары мен лайықты жалақы дегенді білдіреді. Сонымен, болашақтың беделді мамандықтары генетикалық технологиялармен байланысты болады. Генетика саласында жоғары білікті мамандарды даярлау және қайта даярлау қазіргі білім беру үдерісінің маңызды бағыттарының бірі, оның ішінде генетиканы зерттеуге жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, қолданыстағы бағдарламаларды бейімдеу және жетілдіру, сондай-ақ дарынды жастарды тарту болып табылатыны анық. Генетика мамандығы –

көпсалалы мамандарды даярлаудың бастамасы.

– Медицинада адамдар генетикалық ақпаратын талдаумен және белгілі бір аурулардың дамуын болжаумен айналысады. Мысалы, ұрықты скринингтік тексереді. Сонымен бірге ЭҚҰ орталықтарында ғылыми зерттеулер жүргізеді.

– Генетик-дәрігер тұқым қуалайтын ауруларды зерттейді, тұқым қуалайтын патологиялардың даму қаупін болжайды, генетикалық сараптама жасалады. Осындай жұмыстарды емхана мен ауруханаларда жүргізеді. Генетикалық кеңесшінің енді бір жұмысы – ағзадағы кездейсоқ және болжамды генетикалық мутациялардың пайда болуын, соның нәтижесінде пайда болған жасушалық, ағзалық бұзылуларды зерттеу және алдын алу болып саналады.

– Ауыл шаруашылығында генетиктер түсімі мол, ауруға төзімді және т.б. селекциялық жұмыстарды жүргізуге генетикалық ақпарат береді және жаңа сорттар алуға көмектесе алады.

– Микробиологияда генетикалық жұмыстардың көмегімен адамзатқа пайда әкелетін түрлі дәрі-дәрмектер мен қосылыстар жасауға болады. Осылайша бизнес жасаудың бірден-бір көзі екенін айтқан жөн.

– Гендік инженерияда генетиктер жануарлар мен өсімдіктердің түрлі әдістерімен сыртқы ортаның белгілі бір әрекеттеріне төзімді түрлерін ала алады. Гендік инженерия саласының бүгінгі күні болашағы зор екені бәрімізге белгілі. Бұл сала азық-түлік дайындауда үлкен рөл атқарады. Егер қаласа, генетика мамандығын бітірген түлектер осы салалардың кез келгеніне маман бола алады.

Жанар ЧУНЕТОВА,
Молекулалық биология және генетика кафедрасының доценті, б.ғ.к.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен ҚХР Нанкин ғылым және технология университетінің өкілдері ынтымақтастық туралы бірқатар ресми шарттарға қол қойды. Олардың шеңберінде Энергосыйымды нанотехнологиялар жөніндегі бірлескен халықаралық Қазақстан – Қытай ғылыми зертханасын ашу келісілді.

Энергосыйымды нанотехнологиялар зертханасы ашылады



Салтанатты рәсімде Басқарма мүшесі – операциялық қызмет жөніндегі проректор Еркін Дүйсенов сөз сөйледі. Проректор Нанкин ғылым және технология университетінің ректоры Фу Мэньин мырза бастаған ҚХР делегациясын қарсы ала отырып, Нанкин ғылым және технология университеті өткен жылдың қыркүйегінде 70 жылдық мерейтойын атап өткенін айтты.

цияларға қатысты. Бірлескен жаңа зертхана ашудың мақсаты – Қазақстанның, Қытайдың және басқа да елдердің мемлекеттік және жеке нарықтарында жоғары тиімді іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыру.

Өз кезегінде Нанкин ғылым және технология университетінің ректоры Фу Мэньин мырза сөз сөйлеп, ҚазҰУ ұжымын 90 жылдық мерейтойымен құттықтап, екі



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Нанкин ғылым және технология университеті арасындағы ынтымақтастық тарихы сегіз жылдан астам уақытты қамтиды. Осы ынтымақтастық аясында бірлескен ғылыми жұмыстар талқыланып, магистранттар мен докторанттарды дайындау үшін оқу бағдарламалары келісілді. Студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамының академиялық ұтқырлығы жүзеге асырылды, атап айтқанда: осы уақыт аралығында Нанкин ғылым және технология университетінде 10 магистрант, бес докторант және бес оқытушы тағылымдамадан өтті.

Екі университеттің оқытушылары мен профессорлары Қазақстан мен ҚХР университеттеріне бірнеше рет барып, конферен-

ЖОО ғалымдарының ынтымақтастығы ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге ықпал етіп, инновациялық кәсіпорындар мен университеттерді біріктіру үшін перспективалардың ашылатынына сенім білдірді. Ол сонымен қатар Нанкин университетінің тарихы мен қызметі туралы айтты.

Кездесу барысында тараптар қол қойылған ресми құжаттар шеңберінде бірлескен зертхана ашу және магистранттарды қос-дипломдық бағдарлама бойынша даярлау туралы келісімдерді және өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту жөніндегі қызметтің мақсаттары мен мәнін талқылады.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Екінші дүниежүзілік соғысқа Қазақстан майданға 1 млн 200 мың, еңбек армиясына 700 мыңнан аса адам аттандырды. Майданға аттанғандардың тең жартысы қаза тауып, қайта оралмады. Бұл соғыста қазақтар арасынан майталман майдангерлер шығып, Кеңес Одағының Батыры атанды. Олардың арасынан тәуелсіздік алғанда №1 Халық қаһарманы атағын иеленіп, егемен еліміздің тұңғыш қорғаныс министрі болған, биыл 100 жасқа толған Сағадат Нұрмағамбетов есімі ерекше құрметпен аталады.



Майталман майдангер

цер С.Нұрмағамбетов Краснодар өлкесін, Украина, Молдова, Батыс Белоруссия, Польшаны азат етуге қатысты. Польшаны азат ету 1944 жылдың шілде-тамызында басталды. 5 миллионнан астам адам фашистік құлдықтан құтқарылды. Неміс-фашистік басқыншылар Польшада бес жыл бойы зұлымдық жасады. 1945 жылы 27 ақпанда «Польша аумағындағы Виборова деревнясы ауданында жаудың қатты бекінген қорғанысын бұзып өту кезінде қолбасшылықтың жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындаған ерлігі үшін» КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумының жарлығымен С.Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

еркері оқуға бел шеше кірісіп, білікті де талапты командирлерден жақсы тәлім алды.

Мерзімінен бұрын әскери училищені аяқтап, офицер поғонын таққан Сағадат енді тікелей батыстағы майдан шебіне аттанды. Бұларды 9-шы Қызылтулы атқыштар корпусының штабына әкелді. Мұнда оларды 157-ші жеке атқыштар бригадасының құрамына бөлді. 157-ші жеке атқыштар бригадасының штаб бастығы, подполковник М.И.Сафонов 19 жастағы лейтенантты Кубанда үлкен калибрлі пулеметтер взводының командирі етіп тағайындады. Сағадат әскери мансабын пулеметшілер взводының командирі болып бастады. Сағадат алғаш кездесуде бұл байырғы әскери командирмен іштей табысып, өзіне ұстаз тұтты. Бұл достығы генерал-майор шенінде отставкаға шыққан М.Сафоновпен кейінгі жылдарға дейін жалғасты.

Құрамында Сағадат соғысқан Солтүстік-Кавказ майданы қолбасшылығының шешімімен 301-ші атқыштар дивизиясы жасақталып, оның командирі болып генерал-майор В.Антонов тағайындалды. Дивизия 1050, 1052, 1054-ші атқыштар полктарынан құралды. Сағадат соғыстың аяғына дейін 1052-ші атқыштар полкының құрамында соғысты.

Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр шайқастарында офи-

кейін Түркістан әскери округі штабының жедел бөліміне аға офицер болып қызметке жіберілді. Кейін ол мотоатқыштар полкінің командирі болып тағайындалып, оны төрт жылға жуық (1954-58 жж.) басқарды.

1958 жылдың тамызынан Түркістан әскери округінде 203-ші мотоатқыштар дивизиясының штаб бастығы, 1961 жылдан Қазақ КСР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, содан кейін Орта Азия әскери округі әскерлері қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік әскерлер тобы (Венгрияда) қолбасшысының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. 1989 жылы округ таратылғаннан кейін Қазақ республикалық соғыс, еңбек және Қарулы Күштер ардагерлері кеңесінің төрағасы, сонымен бірге Қазақ КСР Қарулы Күштерінің ардагерлер және мүгедектер істері жөніндегі Жоғарғы Кеңесі комитетінің төрағасы болды. Осы уақыт ішінде КСРО Қарулы Күштері Бас штабы академиясының курстарында екі рет оқыды. Кеңес армиясында оған «генерал-майор» (1964) және «генерал-лейтенант» (1972) әскери атақтары берілді.

1992 жылы 7 мамырда ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» жарлыққа қол қойды. Сол күні Президент жарлығымен С.Нұрмағамбетовке «генерал-полковник» әскери атағы беріліп, Қазақстан Республикасының қорғаныс министрі қызметіне тағайындалды.

Жаңадан құрылған егемен Қазақстанның бірінші қорғаныс министрі болып Сағадат Қожахметұлы тағайындалғаннан кейін армия алдында тұрған күрделі мәселелер кезегімен шешіле бастады. Дәл

осы кісінің бастамасымен Қазақстанда игі дәстүрлер мен армиямыздың берік іргетасын қалаған әскери кадрлар дайындала бастады. Ол жоғары лауазымдарға көтерген офицерлерге сенді. Қолдап, көмектесті. Сағадат Қожахметұлының бастамасымен әскери кадрлар мәселесін шешу және қазақ офицерлерінің санын арттыру лезде қолға алынды. Қазақстан армиясының офицерлері мен курсанттарын өзге елдердің академиялары мен мектептерінде оқыту туралы келісім жасалды.

С.Нұрмағамбетов Алматы жоғарғы жалпы әскери командалық училищесін кеңейту туралы шешім қабылдады. Әскери училищеде мамандықтар санын арттырып, курсанттарды 11 мамандық бойынша оқыту жолға қойылды. Сонымен қатар әскери ұшқыштарды дайындауға көп көңіл бөлді. Ақтөбе азаматтық авиация институтының негізінде әуелі әскери факультет, кейін Әскери авиация училищесі құрылды. Орталық Азия әскери округі құрылған 20 жыл ішінде қазақтарға тіпті полктарды басқаруға сенбеген болса, енді соған лайық қазақ офицерлері жоғары лауазымдарға батыл тағайындалды. Кеңес Одағының түкпір-түкпірінде қызмет етіп, елге оралған жоғары әскери шенді бірқатар азаматтарды түрлі әскери бөлімдерге қолбасшы етіп тағайындады. Қорғаныс министрі С.Нұрмағамбетовтің жетекшілігімен мұқият жүргізілген жұмыстар еліміздің әскери дамуына қан жүгіртіп, жаңаша серпін алды. 1994 жылдың 23 мамырында Қазақстан Президентінің жарлығымен Сағадат Нұрмағамбетовке ең алғашқы Халық Қаһарманы атағы берілді. 2013 жылдың 24 қыркүйегінде Сағадат Нұрмағамбетов 90 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Биыл 100 жасқа толған батырдың әскери жолы кейінгі ұрпаққа әрқашан өнеге болып қала береді.

Болат САЙЛАН,
ҚазҰУ-дың профессоры,
тарих ғылымының докторы

Минск мемлекеттік лингвистикалық университетінде профессор С.М.Прохорованы еске алуға арналған «Мәтін мен тілдегі ұлттық-мәдени компонент» атты VIII халықаралық ғылыми конференция өтті.

Іс-шара Минск мемлекеттік лингвистикалық университетінің халықаралық конвенциясы аясында ұйымдастырылды. Екі күн бойы семинарға қатысушылар тілдің ұлттық рухының негізі ретінде диалектілер, тіл үздіксіздігі теориясы, әлемнің тілдік және тұжырымдамалық бейнесі, фразеология мен паремнологияда көрініс тапқан ғаламның қарапайым бейнесі, аксиологиялық тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігін және жүйелі ұйымдастырылуын дамыту факторы ретінде қарастырып, түйінді мәселелерді

Ғылыми байланыстың әлеуеті зор

ортаға салды. Сондай-ақ жеке есім ерекше тіл белгісі және ұлттық-мәдени мәтін ретінде, мәтін кеңістігіндегі басым тұжырымдамалар, мәдениет-аралық коммуникация аспектісінде тілді оқыту, мәтінді лингвистикалық сараптау аспектілері және құқықтық лингвистика сияқты тақырыпты талқылады.

Іс-шараны Минск мемлекеттік лингвистикалық университетінің ректоры Наталья Лаптева, Минск мемлекеттік лингвистикалық университетінің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры Ольга Лушинская, осы университеттің Славян тілдері кафедрасының меңгерушісі Ольга Полатева ұйымдастырды. <https://yandex.ru/support/translate>.

Семинардың ашылуында филология ғылымының докторы, профессор Алла Рома-

новская және педагогика ғылымының докторы Наталья Макшанцева жетекшілік етті.

Алла Романовская тілдік ауытқушылықтың идиомалық түсіндірмесі туралы айтты. Филология ғылымының докторы Вероника Катермина «Есім ұлттық және әлеуметтік белгі ретінде» атты баяндама жасады.

ҚазҰУ-дың Орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының профессоры, ғылыми-зерттеу институтының атқарушы директоры Нұрсұлу Шаймерденова және 1-курс докторанты Айнұр Теміржанқызы «Қазақстанның қалалық ландшафтындағы адам аттары: антропонимдерден –

топонимдерге» атты баяндамасымен сөз сөйлеп, аудиторияның үлкен қызығушылығын тудырды.

